ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 08 қараша №7119-24-00-2/14067 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Кимов» атынан Кимов Талгат Рашидұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Кимов» атынан Кимов Талгат Рашидұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Кимов» атынан Кимов Талгат Рашидұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Кимов» атынан Кимов Талгат Рашидұлынан «Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 12 952 (он екі мың тоғыз жүз елу екі) теңге мөлшерінде

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 08.11.2024
7119-24-3-1/13445
Дата выгрузки в АИС ЕАСУ: 17.12.2024, Судья Нургалиева Ж. Д., 17.12.2024

тұрақсыздық айыбы және 388 (үш жүз сексен сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Кимов» атынан Кимов Талгат Рашидұлынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Көшірме дұрыс

Судья Ж.Ж.Нұрғалиева

Анықтама: Шешім заңды күшіне 17 желтоқсан 2024 жылы енді.

Судья Ж.Ж.Нұрғалиева

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 08.11.2024

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 17.12.2024